

Хаттама №11

Кезекті мектепшілік қамқоршылық кеңестің отырысы өтті.

«Төлесін Әлиев атындағы
№1 жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі

26.02.2026ж.

Қамқоршылық кеңес отырысына қатысқандар:

I. Комиссия төрайымы : Алиева Аккенже
Қамқоршылық кеңес мүшелері: Овезова Балкенже
Жайлыбаева Анар
Әнесова Гаухар
Қорганбаева Майра
Бердибаева Аршагуль

II. Жумаханов Еркасым Итибаевич - мектеп директоры
Таджибаева Сағыныш Коянбаевна – әлеуметтік педагог
Мынбаева Айнагул Канатовна -МБТЖО
Сапаров Бермагамбет - МБТЖО
Меңдіғали Айгерім – педагог-психолог

Күн тәртібінде :

- 1.2025/2026 оқу жылындағы жетім, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларының және мүгедек балалардың акциясымен қамтамасыз етілуі және көрсетілген көмектер туралы. II тоқсан есебі.
- 2.Мектеп директорының Тәрбие жөніндегі орынбасарының «Құқықбұзушылықтың алдын алу», «Қиын, қиынға бейім» оқушылармен атқарылған жұмыстарының есебі.
- 3.Мектептің педагог- психологының Қиын және қиынға бейім оқушылармен жүргізілген жұмыстар туралы есебі.

Тыңдалды:

Алғашқы сөз қамқоршылық кеңес төрайымы Алиева Аккенже күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

I.Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы С.К.Таджибаева сөз алып, 2025/2026 оқу жылындағы I жарты жылдығындағы жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларының ішінен көмекке мұқтаж отбасылардан шыққан оқушыларға көрсетілген көмектер туралы мәлімдеді.

2025/2026 оқу жылының II жарты жылдығында жетім, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған отбасы, мүгедек және көп балалы отбасы балаларынан 1-4 сынып -489 оқушы, 5-11 сынып арасында 157 оқушы, барлығы 646 оқушы ыстық тамақпен қамтылуға тізімі бекітілді.

Мектептегі жекелеген санаттағы білім алушылардың тегін және жеңілдетілген тамақтандырумен қамтамасыз етілетін 1-4 сынып

оқушыларының тамақтануын, асхананың талапқа сай жұмыс жасауын және балаларға берілетін тамақтың сапасын тексеру айына 4 рет жүргізіліп отырды.

Дайын тамақтың сапасына бақылау қорытындысы (бракераж) журналына толтырылады.

Мектеп асханасы 5 күндік жұмыс кестесімен жұмыс жасайды. Бір күнде I кезеңде 1,4 сынып-236 оқушы, аз қамтылған отбасы балаларынан 60 оқушы тегін ыстық тамақ ішеді, 360 қа жуық оқушы буфеттік тамақпен, II- кезеңде 2,3 сыныптардан -247 оқушы, аз қамтылған отбасы балаларынан 88 оқушы ыстық тамақпен, 300-ге жуық оқушы буфеттік тамақпен қамтылып отыр. Тексеру барысында сынып жетекшілері оқушыларды кесте бойынша тамақтануға алып келіп, тамақтарын тауысып жеуін қадағалап жүреді. Кезекшілік кестесі құрылып, уақытында атқарылады.

Тамақ талапқа сай, ас мәзірі негізінде беріледі.

Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «Төлесін Әлиев атындағы № 1 жалпы білім беретін мектеп» КММ – нен жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар, әлеуметтік қолдауға жататын аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына арналған қала әкімінің атынан өткізілген жаңа жылдық шыршасынан 19 оқушы қатысты. Оқушыларға жаңа жылдық тәтті сыйлықтар мен 120 000 (жүз жиырма мың теңге) қаражат ата-ананың есеп шотына жіберілді.

Қазақстан Республикасы Президенті атынан өткізілген жаңа жылдық шыршасынан жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар, әлеуметтік қолдауға жататын аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларынан 2 оқушы қатыстырылып 120 000 (жүз мың) теңге, Жаңа жылдық тәттілер және Детский Мир балалар дүкенінен 10000 (он мың теңгелік) сертификат берілді.

Жаңа жыл қарсаңында жеке кәсіпкер Г.Д.Аджибаеваның тарапынан жетім, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған 2 оқушыға қажетті заттарын алу үшін 30000 (отыз мың) теңгеден қаржылай көмек және жаңа жылдық тәттілер табысталды. Аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан Ерекше білімді қажет ететін 5 оқушының және денсаулығына байланысты үйден оқитын 5 оқушының үйлеріне мектеп директорымен бірлікте барып жаңа жылдарымен құттықтап жаңа жылдық тәттілер табысталды. Аз қамтылған отбасынан шыққан 40 оқушыға жаңа жылдық тәттілер берді. 8 «Ә» сынып оқушысының ата-анасы аз қамтылған, көп балалы отбасынын шыққан 100 оқушыға жаңа жылдық тәттілермен қамтыды.

Мектептің ұстазы атынан денсаулығына байланысты үйден оқитын 11 «Ә» сынып оқушысы азық-түліктермен қамтылды. Қамқорлық акциясына орай, мектебімізде «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып акциядан түскен 50 (елу мың) теңге қаржылай көмек аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға қажетті киімдерін алу үшін берілді. Рамазан айына орай, мектебімізде кең ауқымды қайырымдылық шаралары ұйымдастырылып мектеп қызметкерлері мен аз қамтылған, көп балалы, мүгедек оқушылардың үйлеріне азық –түліктер жеткізілді.

Сөз сөйлеу:

1. Қамқоршылық кеңес төрайымы Алиева Аккенже сөз алып, өз сөзінде әлеуметтік педагогтың жұмысын өте жақсы деп бағалады.

2. Қамқоршылық кеңес мүшесі Алиева Аккенже жылдық жоспарда көрсетілген II тоқсан қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік педагогы С.К.Таджибаеваның берген есебінің көңілінен шыққандығын айтты.

II. 2 мәселе бойынша мектеп директорының Тәрбие жөніндегі орынбасары А.Мыңбаева 2025/2026 оқу жылында мектепішілік бақылауда тұрған білім алушылармен жүргізілетін профилактикалық жұмыстар – тәрбие жұмысының маңызды бағыттарының бірі. Бұл жұмыс тәуекел тобындағы, тәртіп бұзуға бейім, әлеуметтік жағдайы төмен немесе психологиялық қолдауды қажет ететін оқушыларға бағытталатындығын айтты.

Біздің мектепте мектепішілік бақылаудағы оқушылармен жұмыс жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді. Әрбір оқушыға жеке іс-папка ашылып, мінездеме, түсіндірме жазбалар, әңгімелесу хаттамалары тіркеледі. Оқушылармен сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, мектеп психологы және мектеп инспекторы бірлескен түрде жұмыс атқарады.

Профилактикалық жұмыстың негізгі мақсаты – құқық бұзушылықтың алдын алу, оқушының мінез-құлқын түзету, сабаққа қызығушылығын арттыру және әлеуметтік бейімделуіне ықпал ету.

Жұмыс барысында:

Жеке профилактикалық жоспар құрылды;

Ата-аналармен тұрақты байланыс орнатылды;

Үйге бару актілері жасалды;

Психологиялық кеңес беру және тренингтер өткізілді;

Құқықтық сауаттылықты арттыру бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізілді;

Оқушылар үйірмелер мен спорттық секцияларға тартылды.

Құқықбұзушылықтың алдын алуда үнемі қалалық рейдтік шаралар айына 1 рет өткізіледі. Мектепішілік мобильдік топтар аптасына 1 рет «Шаңырақ» шағынауданы бойынша рейд шаралары ұйымдастырылады. Іс-шаралар барысында жасөспірімдердің мезгілсіз уақытта заңды өкілінің ертуінсіз 23:00-ден кейін жүрген жасөспірімдерге ескертулер берілді.

Қала аумағына жасөспірімдер арасында және оларға қатысты құқықбұзушылықтардың алдын алу мақсатында, жасөспірімдердің кешкі мезгілде мейрамханаларда, кафелерде жұмыс жасайтынын анықтау мақсатында қалалық полиция басқармасының ювеналды топ инспекторларымен бірлікте түнгі рейдтік профилактикалық шара ұйымдастырылады. Шараға мектеп директоры, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары және сынып жетекшілер қатысты.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде кейбір оқушылардың сабаққа қатысуы жақсарып, тәртіп бұзушылық фактілері азайды. Дегенмен, кейбір жағдайларда ата-ана жауапкершілігінің төмендігі, әлеуметтік қиындықтар және оқушы мотивациясының әлсіздігі мәселелері кездеседі.

Алдағы уақытта:

Тәлімгерлік жүйесін күшейту;

Психологиялық қолдауды жүйелеу;

Мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту;

Бос уақытты тиімді ұйымдастыру жұмыстарын арттыру жоспарлануда.

Қорытындылай келе, мектепшілік бақылаудағы балалармен жүргізілетін профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде және оң нәтижелер көрсетуде. Бұл бағыттағы жұмысты жетілдіру – баршамыздың ортақ міндетіміз. Қорытындылай келсек, бала, ата – ана және мектеп осы үш бірлік бірлесе жұмыс атқарғанда ғана нәтижеге қол жеткізе аламыз.

Сөз сөйлеу:

1. Қамқоршылық кеңес мүшесі Бердибаева Аршагуль мектептің тәрбие жөніндегі орынбасарының берген есебінің көңілінен шыққандығын айтты.

2. Қамқоршылық кеңес төрайымы Алиева Аккенже баланы бастан тәрбиелеу керек деп айта келе көңілінен шыққандығын жеткізді.

III. 3 мәселе бойынша мектептің педагог-психологы А. Меңдіғали 2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында мінез-құлқында ауытқушылығы бар, тәртіп бұзуға бейім және тәуекел тобындағы оқушылармен жоспарлы психологиялық жұмыстар жүргізілгендігін айтты.

Қазіргі таңда мектепшілік және қалалық есепте тұрған 4 оқушымен жоспарлы түрде психологиялық жұмыстар жүргізілді.

1. Диагностикалық бағытта:

Оқушылардың эмоционалдық жай-күйін, мінез-құлық ерекшеліктерін анықтау мақсатында:

- Өзін-өзі бағалау деңгейі зерттелді;
- Мазасыздық және агрессия деңгейі анықталды;
- Қарым-қатынас дағдылары зерделенді;
- Жеке әңгімелесу және бақылау жұмыстары жүргізілді.

Нәтижесінде кейбір оқушыларда мазасыздықтың жоғары деңгейі, эмоцияны басқаруда қиындықтар және құрдастарымен қарым-қатынаста кедергілер бар екені анықталды.

2. Түзету-дамыту жұмыстары:

- Әр оқушыға жеке психологиялық жұмыс жоспары құрылды;
- Жеке кеңес беру жұмыстары жүргізілді;
- «Ашуды басқару», «Жауапкершілік және тәртіп», «Қарым-қатынас мәдениеті» тақырыптарында тренингтер өткізілді;
- Релаксациялық және өзін-өзі реттеу жаттығулары ұйымдастырылды;
- Позитивті мінез-құлық қалыптастыруға бағытталған жұмыстар атқарылды.

3. Профилактикалық жұмыстар:

- Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары;
- Буллинг, суицид, ерте жүктіліктің алдын алу шаралары;
- Ата-аналармен жеке және топтық кеңес беру;
- Әлеуметтік педагог және сынып жетекшілермен бірлескен бақылау жұмыстары;
- Отбасылық тәрбиені нығайту бойынша ұсыныстар берілді.

4. Нәтиже:

- Оқушылардың тәртібінде оң өзгерістер байқалады;
- Сабаққа қатысуы тұрақтанды;
- Агрессиялық мінез-құлық төмендеу динамикасын көрсетуде;
- Ата-анамен байланыс нығайтылды.

Қорытынды: Қиын және қиынға бейім оқушылар тұрақты психологиялық бақылауда. II жартыжылдықта түзету және профилактикалық жұмыстар жалғасады.

Сөз сөйлеу:

1. Қамқоршылық кеңес мүшесі Қорғанбаева Майра мектептің педагог-психологының берген есебінің көңілінен шыққандығын айтты.

Комиссия отырысының шешімі:

1. II тоқсан бойынша берілген есеп қанағаттанарлық деп табылсын.

2. 2025/2026 оқу жылында да әр тоқсан сайын жоспар бойынша есеп беру жалғасын тапсын.

Комиссия төрайымы :



Алиева Аккенже

Қамқоршылық кеңес мүшелері:




Овезова Балкенже



Жайлыбаева Анар



Әнесова Гаухар



Қорғанбаева Майра



Бердибаева Арша

Хатшысы:



Таджибаева Сағыныш

Камкоршылык кеңесінде қаралған мәселе бойынша «Құқықбұзушылықтың алдын алу», «Қиын, қиынға бейім» оқушылармен атқарылған жұмыстарының

мәліметі

Мектепшілік бақылауда тұрған білім алушылармен жүргізілетін профилактикалық жұмыстар – тәрбие жұмысының маңызды бағыттарының бірі. Бұл жұмыс тәуекел тобындағы, тәртіп бұзуға бейім, әлеуметтік жағдайы төмен немесе психологиялық қолдауды қажет ететін оқушыларға бағытталады.

Біздің мектепте мектепшілік бақылаудағы оқушылармен жұмыс жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді. Әрбір оқушыға жеке іс-папка ашылып, мінездеме, түсіндірме жазбалар, әнгімелесу хаттамалары тіркеледі. Оқушылармен сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, мектеп психологы және мектеп инспекторы бірлескен түрде жұмыс атқарады.

Профилактикалық жұмыстың негізгі мақсаты – құқық бұзушылықтың алдын алу, оқушының мінез-құлқын түзету, сабаққа қызығушылығын арттыру және әлеуметтік бейімделуіне ықпал ету.

Жұмыс барысында:

Жеке профилактикалық жоспар құрылды;

Ата-аналармен тұрақты байланыс орнатылды;

Үйге бару актілері жасалды;

Психологиялық кеңес беру және тренингтер өткізілді;

Құқықтық сауаттылықты арттыру бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізілді;

Оқушылар үйірмелер мен спорттық секцияларға тартылды.

Жанаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «Төлесін Әлиев атындағы №1 жалпы білім беретін мектеп» КММ-де, 2025/2026 оқу жылында «Қиын және қиынға бейім балға» есебінде мектепшілік есепке алынған оқушылар туралы мәлімет

Мектепшілік есепте тұрған балалармен жұмыс

№	Оқушының	Мектебі	Секция	Есепке тіркелген	Ата-анасының	Ата-анасының	Атқарылған жұмыстар
---	----------	---------	--------	------------------	--------------	--------------	---------------------

Қиын және қиынға бейім оқушылармен жүргізілген жұмыстар туралы

Тақырыбы: Қиын және қиынға бейім оқушылармен жүргізілген жұмыстар туралы

Кеңес өткен күні: 27 ақпан 2026 жыл

Есептік кезең: 2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығы

2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында мінез-құлқында ауытқушылығы бар, тәртіп бұзуға бейім және тәуекел тобындағы оқушылармен жоспарлы психологиялық жұмыстар жүргізілді.

Қазіргі таңда мектепшілік және қалалық есепте тұрған 4 оқушымен жоспарлы түрде психологиялық жұмыстар жүргізілді.

1. Диагностикалық бағытта:

Оқушылардың эмоционалдық жай-күйін, мінез-құлық ерекшеліктерін анықтау мақсатында:

- Өзін-өзі бағалау деңгейі зерттелді;
- Мазасыздық және агрессия деңгейі анықталды;
- Қарым-қатынас дағдылары зерделенді;
- Жеке әңгімелесу және бақылау жұмыстары жүргізілді.

Нәтижесінде кейбір оқушыларда мазасыздықтың жоғары деңгейі, эмоцияны басқаруда қиындықтар және құрдастарымен қарым-қатынаста кедергілер бар екені анықталды.

2. Түзету-дамыту жұмыстары:

- Әр оқушыға жеке психологиялық жұмыс жоспары құрылды;
- Жеке кеңес беру жұмыстары жүргізілді;
- «Ашуды басқару», «Жауапкершілік және тәртіп», «Қарым-қатынас мәдениеті» тақырыптарында тренингтер өткізілді;
- Релаксациялық және өзін-өзі реттеу жаттығулары ұйымдастырылды;
- Позитивті мінез-құлық қалыптастыруға бағытталған жұмыстар атқарылды.

3. Профилактикалық жұмыстар:

- Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары;
- Буллинг, суицид, ерте жүктіліктің алдын алу шаралары;
- Ата-аналармен жеке және топтық кеңес беру;
- Әлеуметтік педагог және сынып жетекшілермен бірлескен бақылау жұмыстары;
- Отбасылық тәрбиені нығайту бойынша ұсыныстар берілді.

4. Нәтиже:

- Оқушылардың тәртібінде оң өзгерістер байқалады;
- Сабаққа қатысуы тұрақтанды;
- Агрессиялық мінез-құлық төмендеу динамикасын көрсетуде;
- Ата-анамен байланыс нығайтылды.

Қорытынды: Қиын және қиынға бейім оқушылар тұрақты психологиялық бақылауда. II жартыжылдықта түзету және профилактикалық жұмыстар жалғасады.

Мектеп психологы: Меңдіғали А.